



## ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДАҒЫ БІРЕГЕЙ НЫСАН

Мемлекет басшысы медициналық авиация және жедел жәрдем қызметтерінің, науқастарды қабылдау бөлмелерінің жұмысын үйлестіретін орталықтың қызметімен танысты. Кешенде 250 орындық стационар бар.

Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының басқарма төрағасы Тимур Мұратовтың айтуынша, мекемеде 29 бағыт бойынша емдеу ісін жүргізетін 9 клиникалық департамент құрылады. Мұнда жылына 18 мыңнан астам науқас емделе алады.

Президент заманауи құралдармен, соның ішінде мобильді компьютерлік томограф және OR-1 жүйесімен жабдықталған операция залдарын аралап көрді.

Мемлекет басшысы орталықтың қызметкерлерімен әңгімелесу барысында мұндай бірегей нысанның іске қосылуын отандық медицинаның зор жетістігі деп бағалады. Сонымен қатар мекемеге білікті мамандарды көптеп тарту қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұжымның жұмысына табыс тілеп, орталыққа реанимобиль сыйлады.



## ЖАҢА КОРПУС ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылыми онкология орталығындағы жаңа корпусның құрылыс барысымен танысты. Нысан биыл тамыз айында пайдалануға беріледі.

Ғимараттың жалпы ауданы 58 мың шаршы метрден асады. Мұндағы стационар 210 төсек-орынға есептелген. Оның ішінде 24 орын анестезиология, реанимация және интенсивті терапия бөлімдеріне, 150 орын күндізгі стационарға арналған. Жоспарға сәйкес бұл ауруханада жыл сайын 6 мың науқас емделе алады.

Мемлекет басшысына жаңа корпусты қатерлі ісіктерді диагностика жасауға және емдеуге қатысты әлемдік бірегей технологиялар шоғырланатыны жөнінде мәлімет берілді. Мұнда ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылым-техникалық бағдарламалар мен білім беру тәжірибелерін жүзеге асыруға жағдай жасалады.

Жаңа корпус ашылғаннан кейін бұл орталық онкологиялық көмек көрсету бойынша интеграцияланған модель құру ісінде ұлттық үйлестірушіге айналады. Аталған бастамада денсаулық сақтау жүйесіндегі алғашқы буыннан бастап, онкологиялық ауруларды емдеуге маманданған барлық медициналық мекеме қамтылады.

Сонымен қатар стационарда бас және мойын онкологиясы, торакальды және абдоминальды онкология, онкоурология, маммология, онкогинекология, остеонкология және онкогематология орталықтарын ашу қарастырылған.

## SANA SPORT

### ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Президент елордадағы әлеуметтік нысандарды аралап көру барысында отбасылық SANA Sport орталығында болды.



Мұнда спорт, шығармашылық, білім бағыттары бойынша 29 үйірме жұмыс істейді. Сондай-ақ 29 жаттықтырушы және 25 жоғары білікті педагог еңбек етеді.

Мемлекет басшысына Damu Development Group консорциумы жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалар жөнінде мәлімет беріліп, SANA Sport кешені аумағындағы саябақты қайта жаңғырту жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев орталықтағы спорт залдарын, шығармашылық үйірме бөлмелері мен оқу кабинеттерін аралап көрді. Сонымен қатар үйірмеге шеберлік дәрісін өткізуге келген шахматтан екі дүркін әлем чемпионы Айару Алтынбекке сыйлық табыстап, сәттілік тіледі. Жас шахматшы бұған дейін Президентке хат жазып, кездесу жайында өтінішін жеткізген еді. Бүгін жүздесудің сәті түсті.

Кешенде 4 мыңнан астам баланың қосымша білім алуына жағдай жасалған. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан жеткіншектердің үйірмелерге қатысуына «Мереке» қайырымдылық қоры қолдау көрсетеді.

Мемлекет басшысы ұжым қызметкерлерімен кездесу барысында бұл корпусты салу денсаулық сақтау саласындағы басым міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Жаңа медициналық мекеме құтты болсын! Әлемде мұндай орталықтар өте аз. Бұл біздің аймақтағы медициналық тәжірибе мен ғылымды ұштастыратын озық мекеме болмақ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент нысан құрылысының мерзімі мен жоғары сапа стандарттарын қатаң сақтау қажет екеніне назар аударды.

### МАМАНДЫҚТА МӘН БАР, НАРЫҚ БОЛСА...



6  
БЕТ

### IQANAT ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙДЫ



8  
БЕТ

## «БОЛАШАҚТЫҢ» БОЛАШАҒЫ БАР МА?

Астананың қалалық сотында 4 маусым күні «Болашақ» Халықаралық бағдарламалар орталығында шыққан дауға қатысты іс апелляциялық сатыда қаралды.

Азаматтық істің қозғалуына «Болашақ» стипендиясының грант иегері Валерия Гавриленконың өз міндетін орындамай, өзіне кепіл (гарант) болған әріптестері Макпал Дәрібаева мен Наталья Воробьеваның басын дауға қалдырғаны себеп болған. Айта кетсек, 2019 жылы В.Гавриленко «Болашақпен» оқыған оқуының шығынын өтемеген. Сондай-ақ екі пәтерін кепілден шығарып, өзі Ұлыбританияда қалып қойған. Сөйтіп, «Болашақ» Халықаралық бағдарламалар орталығымен түзілген келісімшартты орындамаған. Енді оқуға кеткен шығынды «Халықаралық бағдарламалар орталығы» Валерия Гавриленкоға кепіл болған әріптестері Макпал Дәрібаева мен Наталья Воробьевадан өндіріп алмақ. Шығын сомасы 30 млн теңгеге жуық.



»5

## АСПАНҒА ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ТАЛАСЫ



Президент «Экономиканы ырықтандыру шаралары жөніндегі» Жарлыққа қол қою арқылы мемлекеттің нарықтағы үлесін азайтуға нық қадам жасағанын көрсетті. Мұның жарқын көрінісі Qazaq Air әуе компаниясының жекешелендірілуі болды. Жақында Қ.Тоқаев Қазақ-Сингапур бизнес-форумының жабылу салтанатында вьетнамдық SOVICO Group компаниясы Qazaq Air авиакомпаниясын сатып алатынын мәлімдеген еді. «Вьетнамдық SOVICO Group компаниясының Qazaq Air авиакомпаниясын жекешелендіруін құптаймын. Бұл Қазақстан мен АСЕАН елдері арасындағы әуе қатынастарын жандандыруға мүмкіндік береді», — деді Қазақстан Президенті.

»4



## ӘШІМБАЕВ ҚАЗАҚША КОНТЕНТ ЖАСАУШЫЛАР ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палатаның бір топ депутатымен бірге QazaqSham форумына қатысты. Онда палата Спикері креативті индустрия саласындағы жаңа жобалармен танысты. Сондай-ақ қатысушылармен Мемлекет басшысы бастамашы болған қазақ тілінде контенттер дайындау барысын және осы бағыттағы басқа да өзекті мәселелерді талқылады. Іс-шараға креативті индустрия және отандық медиа өкілдері қатысты.**

Өз сөзінде Сенат Төрағасы кейінгі жылдарда елімізде креативті индустрия қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен аталған саланы дамыту үшін институционалдық негіз қалыптасты. Мәдениет және ақпарат министрлігінде арнайы департамент құрылды.

Сондай-ақ секторды әрі қарай жетілдіруге және мемлекет тарапынан қолдауға арналған нақты шаралар қабылданып жатқаны айтылды. Атап айтқанда, осы бағытта еңбек етіп жүрген азаматтар үшін салықтық жеңілдіктер қарастырылды. Соның нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде креативті индустрия субъектілері 8 пайызға артты.

Сонымен қатар еліміз бойынша тиісті инфрақұрылым қалыптастыру үшін жүйелі жұмыс қолға алынып жатқаны белгілі. Бұл бағыт жана кешенді шешімдер қажет ететіні анық.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстанның мәдени толқыны өңірлік және халықаралық деңгейде кеңінен таныла бастағанына назар аударды. Қазір ұлттымыздың зор жасампаздық әлеуеті кино, музыка, әдебиет және өнердің басқа да салаларында айқын көрініс тауып келеді. Бұл бағытта елімізде талантты жастар көп», — деген палата Спикері форумды ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында қатысушылар креативті индустрияны тиімді дамытуға тиісті жағдай қажет екенін айтып, өз ұсыныстарын жеткізді. Олардың қатарында құқықтық база қалыптастыру, саланы мемлекеттік қолдау, өнімдерді коммерциялан-

дыруға жәрдемдесу, өңірлерде креативті жобаларды дамыту сияқты тың бастамалар бар.

«QazaqSham форумы — қазақ тілінде контент дайындау аясында мемлекеттің, бизнестің, шығармашыл тұлғалардың және білім беру мекемелерінің күш-жігерін біріктіре отырып, креативті индустрияның өзекті мәселелерін талқылайтын, сондай-ақ оны сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін алаң. Бұл бастама жаңа үздік жобалармен танысуға, контентмейкерлердің өзара тәжірибе алмасуына, мемлекеттік тілдегі мазмұнды арттыру тәсілдерін саралауға жол ашады. Өздеріңіз байқағандай, атқаратын жұмыс аз емес. Осы ретте сіздердің әр бастамаларыңызбен ұсыныстарыңыз маңызды. Алдағы уақытта креативті индустрияға қызығушылар көбейіп, форумға қатысушылар қатары арта түседі деп сенемін», — деп Мәулен Әшімбаев креативті индустрия саласында еңбек етіп жүрген тараптарды секторды әрі қарай дамыту жолында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Форумда кәсіпкер, Phenomenal Kids жобасының негізін қалаушы Азат Әбікен, тарихшы, археолог-экспериментатор Нұрқожа Ерсайын, продюсер Азамат Демеген, BalaFunny YouTube арнасының негізін қалаушы Алтынай Есенжанова, Манғыстау облысындағы Ақтопн жобасының негізін қалаушы Нұрсұлтан Мырзабек, QonZhuq App жобасының өкілі Айнұр Мәлібекова және басқа қатысушылар сөз сөйледі.

Іс-шараның соңында қатысушы компаниялар балаларға арналған өзекті тақырыптар жөнінде қазақ тілінде контент әзірлеу және бірлесіп өндіру туралы меморандумға қол қойды.

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КЕШЕНІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

**Алматыда жекенің қолына өтіп кеткен жедел жәрдем кешені мемлекетке қайтарылды.**

Қалалық прокуратураның мәліметінше, аталған нысанның жалпы құны — 3 млрд теңге.

«Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының былтыр қараша айындағы шешімімен, қала прокурорының мемлекеттік мүлікті жекеменшікке беру жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану туралы талап-арызы қанағаттан-

дырылып, сот шешімі заңды күшіне енді», — деп атап өтті прокуратурадан.

Ауданы 3 974 шаршы метр және 50 сотық жері бар бұл кешенді Алматы қаласының бұрынғы әкімі В.Храпунов жеке құрылымдарға заңсыз берген.

Қазір жылжымайтын мүлік, қала әкімінің қаулысымен жедел медициналық жәрдем қызметінің балансына берілді, қосымша қосалқы станса ашу жоспарда бар.



## МӘЖІЛІСКЕ МЫСЫР СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ КЕЛДІ



**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қазақстанға ресми сапармен келген Мысыр Араб Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Әбделуахаб Әбделразекпен кездесті.**

Тараптар екіжақты ынтымақтастықты арттыру, соның ішінде парламентаралық байланысты тереңдету мәселесін талқылады.

Ерлан Қошанов Қазақстан мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнанына 30 жыл тоғанын атап өтті.

— Осы уақыт ішінде екі ел арасында тығыз ынтымақтастық орнады. Бұл ең әуелі біздің көшбасшыларымыз — Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әбдел Фаттах Ас-Сисидін ерен еңбегінің арқасында деп білемін. Алдағы уақытта да екі ел басшыларының әріптестікті күшейтуге бағытталған жұмысын біз Парламент деңгейінде жалғастыратын боламыз, — деді Мәжіліс төрағасы.

Палата Спикері Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси, экономикалық реформалар туралы айтып, Мәжілістің заң шығару қызметіне тоқталды.

Тараптар екі ел депутаттары достық топтарының жұмысын жандандыруға келісті.

Осы орайда Ерлан Қошанов заңнама саласында тәжірибе алмасып, екі елдің шарттық-құқықтық базасын кеңейтуге, атап айтқанда, Қазақстан мен Мысыр арасындағы ұстап беру, қылмыстық істер

бойынша өзара құқықтық көмек және сотталған адамдарды беру туралы шарттарға қол қоюдың маңыздылығына назар аударды.

Өз кезегінде Әбделуахаб Әбделразек Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды толық қолдайтынын айтты.

— Біздің мақсатымыз — екі ел Парламенттері арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси байланыстарды арттыруды көздейміз. Екі ел көшбасшылары да ықпалдастықты одан әрі күшейтуге ниетті. Бүгін Қазақстан Президентімен кездесу біз үшін зор мәртебе болды, — деді Мысыр Сенатының төрағасы Әбделуахаб Әбделразек.

Отырыс барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзит, туризм саласы мен мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық мәселелерін де талқылады.

Жиын соңында Ерлан Қошанов Мысыр Сенаты төрағасының ресми сапары елдер арасындағы саяси диалогті нығайтып, парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға тын серпін беретініне сенім білдірді.



## 3 МЛН-ҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ ЛАГЕРЬГЕ БАРАДЫ

**Биыл жазғы демалыспен 2 939 028 бала қамтылады.**

Елімізде 10 743 демалыс орнында 2,9 млн бала жазғы демалысын өткізеді. Оның ішінде 10 мың бала — жыл бойғы сауықтыру орталықтарында, 240 мың бала — маусымдық, 2,6 млн бала — мектеп жанындағы, 75 мың бала — шатырлы және киіз үйлі демалыс орындарында демалады.

«Жазғы демалыспен, сауықтырумен және еңбекпен 1-10-сынып оқушыларының 92%-ы, яғни әлеуметтік осал санаттағы 600 мыңға жуық баланы қоса алғанда, барлығы шамамен 2,9 млн бала қамтылады деп жоспарланып отыр. Демалыс орындарында балалардың қауіпсіздігі ерекше бақылауда. 187 демалыс орталығының 150-і 1-10 маусым аралығында іске қосылуда. Ал қалған 37 демалыс нысаны өз жұмысын 15 маусымнан бастайды», — делінген министрліктің хабарламасында.

## ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЛАНУДА

**Құлсары қаласында су тасқынынан зардап шеккен тұрғындар үшін құрылысы басталған жаңа үйлердің қабырғасы қаланып жатыр.**

Атырау облыстық Құрылыс басқармасының бөлім басшысы Дархан Тілепбергenniң мәліметінше, Құлсары қаласындағы «Болашақ» шағынауданында 100 тұрғын үй салу көзделген.

«Қазір тасқыннан зардап шеккен тұрғындарға арналған 48 үйдің іргетасын қалау аяқталды. Тағы

52 үйдің іргетасы құйылып жатыр. Мұнда құрылыс материалдары жеткілікті мөлшерде тасымалданды. Тұрғын үйлердің құрылысын жүргізу үшін жергілікті компаниялардан үш мердігер таңдалды. Жаңадан салынуға тиіс 80 үй «Қазақстан халқына» қоры бөлген қаржыға салынады. Ал 20 үйдің құрылысы жергілікті бюджет есебінен бой көтереді. Қыркүйек айында 100 үйді пайдалануға тапсыру көзделіп отыр», — деді Дархан Тілепбергenniң.

Оның айтуынша, құрылыс жұмысына 100 құрылысшы маман, 50 техника тартылған.











